

А.Д. Серікбаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: sd_aizhan@mail.ru)

Цифрлық Қазақстан үдерісінің қазақ тіліне әсері

Мақала Цифрлық Қазақстан үдерісінің мемлекеттік тілге — қазақ тіліне әсері қарастырылған. Мақаланың мақсаты Цифрлық Қазақстан үдерісі кезінде мемлекеттік тілдің дамуын зерттеу, лингвистикалық құбылыстарды, жаңадан пайда болған тілдік қолданыстарды анықтау, оларға тілдік талдау жасау. Зерттеу материалдары ретінде мемлекеттік порталдардан жиналған тілдік бірліктер қарастырылды. Мақалада жалпы ғылыми әдістер бақылау, жүйелеу, жинақтау, талдау әдіс-тәсілдерімен қатар лингвистикалық әдіс-тәсілдер: сипаттамалық, салыстырмалы әдістер, тілдік материалды талдау тәсілдері пайдаланылды, сонымен қатар алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау мемлекеттік e.gov.kz сайтынан алынды, тілдік қолданыстар далалық әдіс (полевое исследование) бойынша жиналды, жиналған материалдар өңделді, сұрыпталды, лингвистикалық талдау жасалды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы іске қосылғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі Қазақстандағы тілдік жағдаятқа сипаттама берілді; Қазақстанды цифрландыруға байланысты қазақ тілі иелмендерінің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық өмірінде орын алған, жаңадан пайда болған тілдік құбылыс, тілдік бірліктер, тілдік қолданыстар айқындалды. Цифрлық Қазақстан үдерісі барысында жаңа тілдік қолданыстар, бірліктер, жаңа сөздер қазақ тілінің лексикалық қорына енген. Қостілділік немесе үштілділік жағдайында цифрлық киберкеңістікте қазақ тілінің өмір сүру формасы цифрлық жүйеде орныққаны анықталды. Цифрлық жүйедегі тілдің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын зерделеу цифрлық жүйедегі мемлекеттік тілдің жай-күйін зерделеуге мүмкіндік береді. Мемлекетті цифрландыру бағдарламасы қазақ тіл білімінің жаңа бағытының бастауына — киберлингвистика саласының дамуына жол ашады деген болжам жасалды.

Кілт сөздер: цифрлық жүйе, цифрландыру, мемлекеттік тіл, қазақ тілі, тілдік бірліктер, тілдік жағдаят, тілдік орта.

Kipicne

Мемлекеттік тілдің дамуы тіл иелмендерінің сол тілге деген сұранысы, қолданысымен шектелмейді, мемлекеттің жүргізіп отырған тілдік саясатына, тілге қолдау көрсететін түрлі бағдарламалар мен құжаттарға, сонымен қатар әртүрлі экстралингвистикалық, экономикалық факторларға да тікелей байланысты. Заманауи IT және инновациялық технологиялардың халықтың күнделікті тұрмысына енуі мемлекеттік тілдің — қазақ тілінің дамуына да әсерін тигізіп жатыр. Аталған мақалада 2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасының мемлекеттік тілдің дамуына қалай әсер етті, мемлекеттік тілдің қолданысы қаншалықты артты, нәтижесінде азаматтардың, оның ішінде түрлі әлеуметтік топтардың тілдік қолданыстарына қандай жаңа сөздер енді деген сауалдарға әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеу жүргізуді көздейді. Себебі аталған мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру барысында кез келген жаңа технологиялық цифрлық әзірлемелер мемлекеттік және ресми тілде әзірленеді, қолданысқа енеді. Цифрлық әзірлемелердің мақсатты тұтынушысы — Қазақстан халқы. Осы тұрғыдан келгенде, «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасы мемлекеттік тілдің дамуына міндетті түрде әсері болғаны анық және мақалада аталған мемлекеттік тілге қатысты лингвистикалық мәселелер қарастырылады. Мақаланың мақсаты — Цифрлық Қазақстан үдерісі кезінде мемлекеттік тілдің дамуын зерттеу, лингвистикалық құбылыстарды, жаңадан пайда болған тілдік қолданыстарды анықтау, талдау.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу материалдары ретінде мемлекеттік порталдар мен платформалардан жиналған мәліметтер қарастырылады. Мақалада жалпы ғылыми әдістер бақылау, жүйелеу, жинақтау, талдау

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: sd_aizhan@mail.ru

әдіст-тәсілдерімен қатар лингвистикалық әдіс-тәсілдер: сипаттамалық, салыстырмалы әдістер, тілдік материалды талдау тәсілдері қолданылады:

– «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы іске қосылғанға дейінгі және кейінгі кезеңдердегі Қазақстандағы тілдік жағдаятқа сипаттама беруде сипаттау, талдау әдістері;

– Қазақстанды цифрландыруға байланысты қазақ тілі иелмендерінің әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық өмірінде орын алған, жанадан пайда болған тілдік құбылыс, тілдік бірліктерді, тілдік қолданыстарды анықтауда тілдік материалды талдау тәсілдері, жүйелеу, жинақтау әдістері пайдаланылады. Алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау мемлекеттік e.gov.kz сайтындағы және мемлекеттік платформалардағы тілдік қолданыстар далалық әдіс бойынша жиналды, жиналған материалдар өңделді, сұрыпталды, оларға лингвистикалық талдау жасалды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Мақаланың зерттеу нысанына айналып отырған 2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасымен тікелей байланысты, яғни осы бағдарлама аясында цифрлық киберкеңістікке енген мемлекеттік тілдің әлеуетін зерттеу. Яғни аталған бағдарлама аясында қазіргі кезде мемлекеттік қызметтер, түрлі бизнес қызметтер цифрлық форматқа көшіп, халықтың күнделікті тұрмысында тұтынатын қызметтерді алу едәуір жеңілдегені байқалады. Бұл қызметтермен бірге мемлекеттік тіл де қатарласа цифрлық жүйеде «өмір сүре бастады». Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, квазимемлекеттік секторларда цифрлық құжат айналымы енгізілді, электронды сауда нарығы пайда болды, яғни мемлекет цифрлық жүйеге көшті. Нәтижесінде цифрлық киберкеңістікке қатысты қазіргі қазақ тілінде алуан түрлі тілдік қолданыстар пайда болды, мысалы: *цифрлық мемлекет, цифрлық құжат айналымы, электрондық сауда, электрондық сауда нарығы, электрондық үкімет, цифрлық сауаттылық, «ақылды» қала, «ақылды» бағдаршам, «ақылды» үй, «ақылды» есік, «ақылды» сағат, онлайн төлем, онлайн сауда жасау, QR төлем т.б.*

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың қысқаша сипаттамасы. Қазақстан Республикасында мемлекетті цифрландырудың тілдік жағдаят жағынан өз ерекшелігі бар: Қазақстанда билингвизм орын алған. «Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзіндік ерекшелігі — генетикалық және типологиялық әралуан тілдердің модылығында ғана емес, сонымен қатар коммуникативті кеңістікте екі үлкен тілдің — қазақ тілі мен орыс тілінің — қатар қолданысына байланысты. Ал бірегей коммуникативті кеңістік шартты түрдегі тұрақты өлшем ретінде қазақ және орыс тілдерінің функционалды «әл-ауқатының» межелерін (параметрлерін) танытады» [2; 133]. Қостілділік — әлеуметтік лингвистикада өте көп зерделенетін, талқыланатын, өзіндік ерекшеліктері бар тілдік құбылыс. Қостілділікті зерттеу батыс ғалымдарынан бастау алады. Зерттеулерін билингвизмді зерттеуге арнаған ғалымдар: Grosjean F. Life with Two Language: An Introduction to Bilingualism [3], Labov W. Principles of linguistic change. [4], The Bilingualism reader [5] т.б. Қостілділік ағыл. bilingualism — билингвизм ұғымымен бірдей; жеке адамның немесе қоғамның екі немесе бірнеше тілді меңгеруі/қолдануы [2; 153]. Қазақстандағы тілдік жағдаят қазақстандық тілтанушылар: Сулейменова Э.Д., Акберди М.И. [6], Хасанов Б.Х. [7], Фазылжанова А.М. [8], сондай-ақ посткеңестік мемлекет ретінде Қазақстандағы тілдік жағдаят шетелдік тілтанушыларды да қызықтырған: De Lorme R.S. Mother tongue, Mother's touch: Kazakhstan government and school construction of identity and language planning metaphors [9], Rivers W. Factors influencing attitudes towards language use among Kazakhstani university-level students [10] т.б.

Қазақстан территориясында билингвизмнің өзіндік ерекшелігі бар, ол ерекшелік еліміздің түрлі аймақтарына байланысты қазақ-орыс, орыс-қазақ қостілділігі деп бөлінеді. Елдің солтүстік аймағында орыс-қазақ қостілділігі, оңтүстік, батыс, оңтүстік шығыс аймақтарында қазақ-орыс қостілділігі басым. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына дейінгі Қазақстандағы тілдік жағдаятты тәуелсіздікке дейінгі (КСРО кезіндегі) және тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдерге шартты түрде бөліп қарастыруға болады. КСРО кезінде жаппай орыстандыру саясатының салдарынан қазақ тілінің қолданыс аясы біршама тарылды. 1980-шы жылдары қазақ тілінде сөйлеушілердің саны күрт азайды, қазақ тілінде оқытылатын мектептер саны азая түсті. Алматы қаласында жалғыз ғана қазақ тіліне оқытатын мектеп болды. Әлеуметтік ортада қазақ тіліне қатысты нигилизм құбылысының белгілері орын алды. Қазақ тілін орыс тілі ығыстырды, яғни тілдік ығысу үдерісі жүрді. Бұл процесс ұзақ жылдарға созылды, тәуелсіздік алғаннан кейін де шамамен 2010 жылдарға дейін қазақ тілінің Конституцияда бекітілген статусы «мемлекеттік тіл» болса да, «ауыл тілі» ретінде «саналды». Бұл құбылыс 2010 жылдарға дейін байқалды. 2010 жылдан кейін қазақ тілінің қолданыс аясы арта

бастады. Урбанизация процесінің қарқынды жүруіне байланысты ірі мегаполистерде қазақ тілін қолданушылар саны артты. Сәйкесінше қазақ тілінде қызмет алуға сұраныс пайда болды. Бұл фактор негізінен шағын бизнес саласынан бастау алды. Сауда-саттықта жарнама беру тілі қазақ тіліне көше бастады. Қазақ тілді ортаның тілдік сұранысына сәйкес шағын бизнес құрылымдарында қызмет көрсету тілі жайлап қазақ тіліне ауысты. Мысалыға, 2016-2022 жылдар аралығындағы Алматы қаласында салынған тұрғын үй атауларына мониторинг жүргізілді. 2016 жылдарда тұрғын үй атауларының көбі ағылшын, орыс тіліндерінде болған, 2018 жылдарға қарай тұрғын үй атаулары қазақша атаулармен атала бастаған. Қазақша аталған тұрғын үйлердің арасында этномаркерлі атаулар, қазақ халқының танымында концепт ретінде орын алған атаулар да кездеседі: *Úsh Sunqar, Alataý, Nomad, O'ner, Han Táñiri, Naýryz, Yrysty, Raiymbek, Úsh Qoñyr, Kaspi, Qargaly Siti, Orda Siti, Qazyna, Tumar, Shañyraq* т.б. Аталған атаулардың барлығы латын әліпбиімен таңбаланған, яғни 2017 жылы қазақ әліпбиін латын әліпбиіне ауыстыру туралы тілдік реформаның басталуына байланысты қоғамда қазақша атауларды латын әліпбиінде таңбалау үрдісі басталды. Бұл үдеріс жоғарғы қадағалаушы органның қатысуынсыз, ерікті түрде түрлі бизнес өкілдерінің бастамасымен жүріп жатты.

Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзіндік «қызық» фактілері бар. Қазіргі жағдай бойынша ҚР Ұлттық статистика бюросының «QAZSTAT» мәліметінше 2023 жылдың басындағы жағдай бойынша халық саны — 19 766 807 адам, оның ішінде қалалық — 12 209 896 адам (61,8 %), ауылдық — 7 556 911 адам (38,2 %), елде қазақ тілін білетіндердің үлесі 92 % жеткен, орыс тілін білетіндердің үлесі 80 %, ал этностық құрамға қатысты қазақ ұлтының үлесі 70,7 % (13 965 956 адам), ал орыс ұлтының үлесі 15,2 % (3 000 611 адам), өзбектер 3,3 % (643 363 адам), қалған көрсеткіштер өзге ұлт өкілдеріне тиесілі [11]. Статистика мәліметінің пайыздық көрсеткіштеріне қарап қазақ тілі мен орыс тілін білетіндер көп екенін байқауға болады. Сырттай бақылау бойынша мынандай қызық жайт анықталды. Мегаполистерде қазақ тілі мен орыс тілі носительдерінің өз «параллель әлемі» бар. Қазақстанның мегаполистерінде тұрғылықты тұратын орыс тілі иелмендерінің кейбірінде тілдік коммуникацияда қазақ тілінсіз-ақ коммуникациялық қажеттіліктерін өтей алады. Коммуникация кезінде қазақ тіліне деген қажеттілік туындаған жағдайда қазақ тілінен орыс тіліне аударып бере алатын «кездейсоқ аудармашы» табыла кетеді. «Кездейсоқ аудармашы» сол тілдік коммуникация кезінде коммуниканттардың жанында болған досы, әріптесі, танысы немесе қызмет көрсету саласының қызметкері не коммуниканттардың өтінуі бойынша «көмекке келген» бөгде адам болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар күнделікті өмірде бейресми коммуникацияда жиі кездеседі.

Қазақстан аумағында 2006 жылдан бері сол кездегі Президент Н. Назарбаевтың «Үштұғырлы тіл» идеясына қатысты «үштілділік» термині қолданыла бастады. «Үштұғырлы тіл» саясаты жүзеге асырылып, ағылшын тілін үйрену басымдық алды. Мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік ұйымдар сайттарын үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізе басатады. 2006 жылдан бергі кезеңде қоғамда қазақ-орыс-ағылшын тілдерін меңгерген тұлғалар, әлеуметтік топтар («Z» ұрпақ) пайда болды.

Қостілділік немесе үштілділік жағдайында цифрлық киберкеңістікте қазақ тілінің өмір сүру формасы цифрлық жүйеде орныққан, себебі барлық Қазақстанды цифрландыруға байланысты іске асырылып жатқан бағдарлама, жұмыстар нәтижесі — бәрі мемлекеттік сайттарда көрініс тапқан. Цифрлық жүйедегі тілдің өзіндік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын зерделеу цифрлық жүйедегі мемлекеттік тілдің жай-күйін анықтауға мүмкіндік береді. Ал қазіргі Қазақстанның тілдік жағдаятына қатысты мемлекетті цифрландыру барысында жаңадан пайда болған тілдік бірліктер анықталды. Мемлекетті цифрландыру бағдарламасы қазақ тіл білімінің жаңа бағытының бастауына — киберлингвистика саласының дамуына жол ашады деген болжам бар. Өйткені «Цифрлық Қазақстан» — мемлекеттің барлық саласын қамтитын өте ауқымды бағдарлама, сәйкесінше аталған бағдарламаны орындау барысында міндетті түрде жаңа тілдік қолданыстар, бірліктер пайда болады.

Digital Kazakhstan бағдарламасының 5 негізгі бағыты: экономика салаларын цифрландыру, цифрлық мемлекетке өту, инновациялық экожүйені құру, адами капиталды дамыту, цифрлық Жібек жолын іске асыру (egov.kz). Аталған бағыттардың атауының барлығы да — қазақ тіліндегі жаңа қолданыстар. Мұндағы «экономиканы цифрландыру», «цифрлық мемлекетке көшу», «цифрлық Жібек жолын іске асыру» деген тілдік жаңа қолданыстар — IT технологиялардың қарыштап дауына байланысты цифрлық жүйеге сай проекцияланған атаулар. «Kazakhstan» мемлекеттік бағдарламасының алдында бірнеше мемлекеттік порталдар халыққа онлайн қызмет көрсете бастады. Мемлекеттік порталдардың хронологиясы төмендегідей:

- 2006 ж. — ҚР «Электрондық Үкімет» порталы (egov.kz);
- 2010 ж. — Е-Сатып алулар;
- 2011 ж. — Е-Pay;
- 2012 ж. — Е-LICENSE;
- 2013 ж. — Бизнесі онлайн тіркеу;
- 2014 ж. — Е-Сот кабинеті;
- 2015 ж. — Е-Денсаулық сақтау; Е-Salyk;
- 2016 ж. — Ашық Үкімет.

Мысалы, e.gov.kz Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі порталын алып қарайық. Қазақстан Республикасының азаматы әлемнің кез келген жерінде интернет ресурсты пайдалана отырып, өзіне қажетті құжат, дерек, мәліметтерін электронды цифрлы қол қою арқылы ала алады. Яғни электронды қызмет көрсету ҚР Азаматы немесе Занды тұлға — Компьютер — ҚР Электрондық үкіметі үштік тетігі (механизм) арқылы жасалып отыр. ҚР Электрондық үкімет порталы іске қосылуына байланысты бірнеше жаңа сөздер: *электронды цифрлы қол қою, электрондық Үкімет, виртуалды кеңесші, электрондық өтініш, электрондық лицензиялау, ЭЦҚ алу немесе ұзарту, онлайн анықтама алу, электрондық үкіметтің мобильді қосымшасы* сияқты т.б. сөздер түрлі әлеуметтік топтың бәріне ортақ жаңа тілдік қолданыстар ретінде таныла бастады [12; 143]. EGov порталының пайдаланушылары бүгінгі күні 6 млн-нан астам адам болып табылады. Оның инфрақұрылымы арқылы 760 электрондық қызмет пен сервисті жүзеге асыруға болады. Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік порталдардың барлығы да үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бірдей онлайн қызмет көрсетеді.

Бағдарлама аясында пайда болған жаңа сөздер жасалу жолдарына қарай былайша топтастыруға болады:

1) тікелей аударма немесе қазақ тіліндегі әлеуетті сөздер арқылы жасалған жаңа сөздер — *«бір терезе», «ақылды» датчик, «ақылды фабрика», «ақылды қалалар», цифрлық кеніш, цифрлық кен орны, цифрлық басқару, цифрлық фабрика, интеллектуалды көлік жүйесі, автожолдарда жасанды интеллект енгізу, электрондық сауда алаңы, қағазсыз құжат айналымы, электрондық шот-фактура, виртуалды қойма, электрондық денсаулық сақтау, цифрлық бизнес, электрондық еңбек биржасы; цифрлық сауаттылық, цифрлық сауаттылықты арттыру, бұлттық есептеулер, базалық және кәсіби цифрлық дағдылар, ақпараттық қауіпсіздік, цифрлық Жібек жолы, кең жолақты интернет; тұлғаны қашықтықтан сәйкестендіру; цифрлық бизнес; цифрлық мемлекетке өту, экономиканы цифрландыру, Сергек*, т.б.

2) ағылшын тілінен тікелей енген жаңа қолданыстар — *E-Commerce, E-Agrotrade, Fulfillment-орталығы, онлайн және офлайн бизнес, Paper-free, e-Health, QR-код, Smart City, «Smart Astana», «Smart Almaty», «Smart Ontustyk», «Smart Aktobe», «Smart Karaganda», Hub, стартап-компаниялар, стартап-виза, блокчейн технология, хакатон, 4G, 5G; Big Data, технологиялық парк, вайп-шоп, байер*, т.б.

3) бір сыңары қазақша, екінші сыңары ағылшын тілінен тікелей енген гибрид сөздер — *стартап-мәдениет, IT-кәсіпкерлік, техкәсіпкерлік, венчурлық қаржыландыру, венчурлық жобалар, Big Data талдау, киберқауіпсіздік, интернет-дүкен, онлайн төлем, QR төлем*, т.б.

Көрсетілген мысалдарда цифрлық технологияның даму нәтижесінде қазақ тілінде тіркесе бермейтін сөздер тіркесіп, жаңа ұғым, атау пайда болып жатыр. *«Ақылды» қала, «ақылды» бағдаршам, «ақылды» есік, «ақылды» фабрика* сөздері күнделікті тұрмысты жеңілдететін құралдардың атауын білдіреді. Цифрлық дәуірге дейін қазақ тіліндегі *«ақылды»* сөзі ақыл-ой, сана-сезімге ие тіршілік иесіне, яғни адамға қатысты қолданылған. Қазіргі таңда бұл сөз жасанды интеллектінің түрлі өнімдеріне қатысты белсенді қолданыста. *Бұлттық есептеулер* — тікелей аударма арқылы жасалған жаңа сөз, IT-технологияның терминіне айналған атау. *Цифрлық Жібек жолы* — Ұлы Жібек жолының қазіргі заманауи виртуалды жүйеге сай проекцияланған нұсқасы. Ұлы Жібек жолы — Шығыс пен Батысты байланыстырған, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына үлес қосқан тарихи даңғыл жол. *Цифрлық Жібек жолы* — бұл тарихи-мәдени атаудың виртуалды жүйеде жаңғырған түрі. *QR төлем* — халықтың тұрмыстық өмірін жеңілдеткен, қашықтан да төлем жасауға мүмкіндік беретін онлайн төлем түрі. Қазіргі таңда *QR-кодпен төлеу, QR-мен төлеймін* тіркестері актив қолданыста.

Қорытынды

Қазіргі таңда әлемде IT-технологияның қарқынды дамуы әсерінен халықтың әлеуметтік-материалдық қажеттілігін өтеуге байланысты сұраныстардың бәрі электрондық цифрлық форматқа ауысып жатыр. Бұл үдерісі халық өмірін, мемлекеттік қызметтерді айтарлықтай жеңілдетті, қаражат айналымы цифрланды, электронды ақша пайда болды. Әлемге кең таралған IT-технологияның жетістіктерінің барлығы тіл арқылы жүзеге асып отыр. Бұл фактор тілдің әлеуетінің жоғары екенін аңғартады. Қазақстанды цифрландыру аясында мемлекеттік тілдің дамуын, мемлекет пен халық арасындағы қызметі, әлеуеті мен мәртебесін зерттеу цифрлық форматқа енген мемлекеттік тілдің жаңа қырын, нұяланстарын анықтауға септігін тигізеді. Цифрлық дәуірдегі қазақ тілінің ерекшелігі — бұрын тіркесе бермейтін, қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесінде орын алмаған сөздер бір-бірімен тіркесіп, жаңа атау, жаңа ұғым беріп отыр. Бұл — бір жағынан тіл тазалығы, тіл мәдениетіне кереғар құбылыс болса, бір жағынан, қазақ тілінің иілгіштік қасиетін, қазақ тілінің әлеуетін көрсетеді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің AP19175847 гранттық қаржыландыру аясында жарияланды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. — [Электрондық ресурс]. — Астана, 2017. — [adilet.zan.kz](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827) сайты. — Қол жеткізу режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
- 2 Сулейменова Э.Д. Словарь социолингвистических терминов / Э.Д. Сулейменова, Н.Ж. Шаймерденова, Ж.С. Смагулова, Д.Х. Аканова. — Алматы: Арман-ПВ, 2020. — 400 с.
- 3 Grosjean F. Life with Two Language: An Introduction to Bilingualism / F. Grosjean. — Harvard University Press, 1984. — 384 p.
- 4 Labov W. Principles of linguistic change / W. Labov. Malden: Wiley Blackwell, 2010. — 419 p.
- 5 The Bilingualism reader. Edited by Lee Wei. — New York: Routledge, 2000. — 592 p.
- 6 Сулейменова Э.Д. Выбор языка и корреляции языковой трансмиссии / Э.Д. Сулейменова, М.И. Акберди, Г. Койшыбаева. — Алматы: Қазақ университеті, 2016 — 184 с.
- 7 Хасанов Б.Х. Языки народов Казахстана: от молчания к стратегии развития / Б.Х. Хасанов. — Алматы: Арда, 2007.
- 8 Фазылжанова А.М. Қазақ жазуын жаңғыртудың әлеуметтік тілтанымдық негіздері: тілдік жағдаят және тәуекелдерді басқару: монография / А.М. Фазылжанова. — Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2020. — 128 б.
- 9 De Lorme R.S. Mother tongue, Mother's touch: Kazakhstan government and school construction of identity and language planning metaphors. Ph.D. Dissertation / R.S. De Lorme. — Pennsylvania, USA, 1999. — 208 p.
- 10 Rivers W. Factors influencing attitudes towards language use among Kazakhstani university-level students. Ph.D. Dissertation / W. Rivers. — Bryn Mawr College, USA, 2003.
- 11 Демографиялық статистика. — [Электрондық ресурс]. — Қол жеткізу режимі: <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/publications/79934/>.
- 12 Fazylzhanova A. The kazakh lexicon of the virtual communication / A. Fazylzhanova, A. Serikbayeva // Bulletin of national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. — 2019. — Vol. 4. — No. 380. — P. 141–146. 10.32014/2019.2518-1467.102

А.Д. Серікбаева

Влияние процесса цифрового Казахстана на казахский язык

В статье рассмотрено влияние процесса цифрового Казахстана на государственный казахский язык. Цель статьи — описать языковую ситуацию в Казахстане до цифрового Казахстана и определить влияние цифровой системы на казахский язык. Языковые единицы, собранные с государственных порталов, изучены в качестве исследовательских материалов. Авторами использованы общенаучные методы, такие как наблюдение, систематизация, анализ, а также лингвистические методы: описательный, сравнительный методы, анализ лингвистического материала. Кроме того, сбор первичной информации производился с веб-сайта e.gov.kz, то есть были собраны языковые единицы полевым методом (полевое исследование), затем они были обработаны, отсортированы и проведен их лингвистический анализ. Даны характеристики языковой ситуации в Казахстане в период до и после запуска программы Digital Kazakhstan; в связи с цифровизацией Казахстана выявлены лингвистические явления, языковые единицы, новые слова, имевшие место в социально-экономической, повседневной жизни носителей казахского языка. В процессе развития цифрового Казахстана лексический фонд казах-

ского языка пополнился новыми лингвистическими употреблениями, единицами. Установлено, что в условиях двуязычия или трехязычия в цифровом киберпространстве форма существования казахского языка была зафиксирована в цифровой системе. Изучение специфических особенностей и отличий языка в цифровой системе позволяет оценить состояние государственного языка в цифровой системе. Было высказано предположение, что государственная программа цифровизации положит начало новому направлению казахской лингвистики — развитию киберлингвистики.

Ключевые слова: цифровая система, цифровизация, государственный язык, казахский язык, языковые единицы, языковая ситуация, языковая среда.

A.D. Serikbayeva

Impact of the digital Kazakhstan process on the Kazakh language

The article examines the impact of the digital Kazakhstan process on the state Kazakh language. The purpose of the article is to describe the linguistic situation in Kazakhstan before the advent of Digital Kazakhstan and to determine the impact of the digital system on the Kazakh language. Language units collected from state portals are studied as research materials. The article uses general scientific methods such as observation, systematization, analysis, as well as linguistic methods: descriptive, comparative methods, analysis of linguistic material. As well as the collection of primary information: from the website e.gov.kz language units were collected by the field method (field research), the collected materials were processed, sorted and linguistic analysis was carried out. The characteristics of the language situation in Kazakhstan in the period before and after the launch of the Digital Kazakhstan program are given; in connection with the digitalization of Kazakhstan, linguistic phenomena, linguistic units, linguistic applications that took place in the socio-economic, everyday life of Kazakh speakers are revealed. In the process of development of digital Kazakhstan, the lexical fund of the Kazakh language has been replenished with new linguistic uses, units. It is established that in the conditions of bilingualism or trilingualism in digital cyberspace, the form of existence of the Kazakh language was fixed in the digital system. The study of the specific features and differences of the language in the digital system allows you to study the state of the state language in the digital system. It was suggested that the state digitalization program will mark the beginning of a new direction of Kazakh linguistics — the development of cyberlinguistics.

Keywords: digital system, digitalization, state language, Kazakh language, language units, language situation, language environment.

References

- 1 «Tsifrlyq Qazaqstan» Memleketik bagdarlamasy [State program “Digital Kazakhstan”]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827> [in Kazakh].
- 2 Sulejmenova, E.D., Shajmerdenova, N.Zh., Smagulova, Zh.S., & Akanova, D.H. (2020). *Slovar sotsiolingvistikicheskikh terminov* [Dictionary of Sociolinguistic terms]. Almaty: Arman–PV [in Russian].
- 3 Grosjean, F. (1984). *Life with Two Language: An Introduction to Bilingualism*. Harvard University Press. — 384 p.
- 4 Labov, W. (2010). *Principles of linguistic change*. Malden: Wiley Blackwell.
- 5 Lee Wei (Ed.). (2000). *The Bilingualism reader*. New York: Routledge. 592 p.
- 6 Sulejmenova, E.D., Akberdi, M.I., & Kojshybaeva, G. (2016). *Vybor yazyka i korreliatsii yazykovoi trnasmissii* [Language selection and correlations of language transmission]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 7 Hasanov B.H. (2007). *Yazyki narodov Kazakhstana: ot molchaniia k strategii razvitiia* [Languages of the peoples of Kazakhstan: from silence to development strategy]. Almaty: Arda [in Russian].
- 8 Fazylzhanova, A.M. (2020). *Qazaq zhazuyn zhangyrtudyn aleumettik tiltanyndyq negizderi: tildik zhagdaiait zhane tauekelderdi basqaru* [Social linguistic foundations of the modernization of the Kazakh script: language situation and risk management]. Almaty [in Kazakh].
- 9 De Lorme, R.S. (1999). Mother tongue, Mother’s touch: Kazakhstan government and school construction of identity and language planning metaphors. *Ph.D. Dissertation*. Pennsylvania.
- 10 Rivers, W. (2003). Factors influencing attitudes towards language use among Kazakhstani university-level students. *Ph.D. Dissertation*. Bryn Mawr College, USA.
- 11 Demografiialyq statistika [Demographic statistics]. *stat.gov.kz*. Retrieved from <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/demography/publications/79934/> [in Kazakh].
- 12 Fazylzhanova, A., & Serikbayeva, A. (2019). The Kazakh lexicon of the virtual communication. *Bulletin of national academy of sciences of the republic of Kazakhstan*, 4(380), 141-146. 10.32014/2019.2518-1467.102.